



COSI

ДДҰ-НЫҢ БАЛАЛАРДЫҢ
СЕМІЗДІГІН ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
ҚАДАҒАЛАУ БАСТАМАСЫ



Қазақстан Республикасында 6-9 жастағы балалар арасында жеткіліксіз тамақтану көрсеткіштерін бағалау, 2020

Қазақстанда балалардың семіздігіне мониторинг жүргізудің ұлттық жүйесі жұмыс істейді. Балалардың артық және жеткіліксіз дене салмағының таралуын бақылау 3 жылда бір рет өткізілетін өлшеулер мен сауалнамалар арқылы жүзеге асырылады. Бұл елде қабылданған дұрыс тамақтанбауға қарсы жүйелі шаралардың тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

2020 жылы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы (ҚДСҰО) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) және БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) қолдауымен Балалардың семіздігін эпидемиологиялық қадағалау бойынша COSI зерттеуін жүргізді. Мектептердегі балалардың бойы мен салмағын өлшеу 6-9 жастағы балалардың дене салмағының жеткіліксіздігі, бойының аласа болуы және дене салмағының жетіспеушілігінің көрсеткіштерін талдауға мүмкіндік берді.

Іріктеу 2020 жыл



6851
бала




6330
ата-ана




153
мектеп

14 облыс және **3** қала -
Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент



Дене салмағының жеткіліксіздігі, бойдың аласалығы және жасқа лайық салмақтың жетіспеуі артық салмақ пен семіздікке қарағанда аз кездесетініне қарамастан, бірқатар елдер мен аймақтарда тойып тамақтанбау салдарынан пайда болатын бұл жағдайлар семіздікпен бәсекелеседі және назар аударуды қажет етеді.

Қазақстан Республикасында 6-9 жастағы балалардың дене салмағының жеткіліксіздігі, бойының аласа болуы және дене салмағының жетіспеушілігі, 2020




*ДСИ – дене салмағының индексі



COSI ДДҰ-НЫҢ БАЛАЛАРДЫҢ
СЕМІЗДІГІН ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
КАДАҒАЛАУ БАСТАМАСЫ



Қазақстан өңірлерінде 6-9 жастағы балалардың дене салмағының жеткіліксіздігінің таралуы



ӨҢІР	%
ҚР	5,0
Нұр-Сұлтан	3,9
Алматы	3,3
Шымкент	4,2
Ақмола обл.	2,7
Ақтөбе обл.	2,3
Алматы обл.	7,7
Атырау обл.	3,6
Шығыс Қазақстан обл.	4,7
Жамбыл обл.	4,8
Батыс Қазақстан обл.	3,7
Қарағанды обл.	3,2
Қостанай обл.	4,4
Қызылорда обл.	8,3
Маңғыстау обл.	7,7
Павлодар обл.	1,9
Солтүстік Қазақстан обл.	4,6
Түркістан обл.	6,4

Зерттелетін нысаналы топтағы балалардың дене салмағының жеткіліксіздігі таралуының ең жоғары көрсеткіштері Қызылорда (8,3%), Маңғыстау (7,7%), Алматы (7,7%), Түркістан (6,4%) облыстарында анықталды.




COSI

ДДҮ-НЫҢ БАЛАЛАРДЫҢ
СЕМІЗДІГІН ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
КАДАҒАЛАУ БАСТАМАСЫ




Қазақстан өңірлерінде 6-9 жастағы балаларда аласа бойлықтың таралуы



Балалардың бойының аласалығы Түркістан облысында жиі байқалды (4,7%).

Қазақстан өңірлерінде 6-9 жастағы балалардың дене салмағына жетіспеушілігінің таралуы



Дене салмағының жетіспеушілігі Қызылорда (4,8%), Жамбыл (4,3%), Алматы (3,9%) облыстарында жиі байқалды.




COSI

ДДҰ-НЫҢ БАЛАЛАРДЫҢ
СЕМІЗДІГІН ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
КАДАҒАЛАУ БАСТАМАСЫ



Қазақстандағы 6850 баланың антропометриялық деректері



оның ішінде



6,6%

семіздік



5,0%

жеткіліксіз салмақ

Қазақстанда 6,5 мыңнан астам баланың антропометриялық көрсеткіштерін зерттеу осы зерттеу барысында балалардың семіздігімен қатар (6,6%) балалар арасында салмақтың жеткіліксіздігі (5,0%) проблемасы бар екенін көрсетті.

Зерттелген индикаторлардың өңірлік ерекшеліктері семіздікпен ғана емес, сонымен бірге жеткіліксіз тамақтанумен де күресу үшін мақсатты алдын алу шараларын әзірлеу қажеттілігін анықтайды.

Осылайша, балалардың тамақтануы бойынша саясат пен шараларды қалыптастыру кезінде өңірлік айырмашылықтарды, сондай-ақ дұрыс тамақтанбаудың қосарлы ауыртпалығы – семіздік пен дұрыс тамақтанбауды ескеру қажет.

Өмірдің алғашқы жылдарында және мектеп кезеңінде балалардың тамақтануына, халыққа тамақтану, дұрыс тамақтану және теңсіздікпен күресу жөніндегі әлеуметтік-экономикалық шаралар туралы білім беруге ерекше назар аудару керек.